REVIEW

of the foreign scientific consultant, Professor, Doctor of Law, Edvardas Juchnevicius (Gdańsk University, Republic of Poland) to the research dissertation of Kalmyrza Gaziza on the thema: "Topical issues of legal protection of trademarks in the Republic of Kazakhstan", submitted for the academic degree of Doctor of Philosophy (PhD) in Jurisprudence under the educational program «8D04201 – Jurisprudence».

This research topic is highly relevant and complex. In any state, the legal protection of intellectual property rights is considered one of the primary issues. In particular, means of individualization provide entrepreneurs participating in civil turnover with the ability to distinguish themselves from others. Today, strict legal protection of individualization tools and their adaptation to innovative and technological changes can be regarded as a guarantee of sustainable enterprise development and competitiveness in the market.

The relevance of the chosen topic is determined by the growing role of intellectual property objects in economic turnover, the development of market relations, as well as the increase in cases of illegal use of trademarks, violations, and disputes.

During the research, the author comprehensively analyzed the theoretical foundations of legal protection of trademarks, the evolution of national legislation, features of law enforcement practice, and the influence of international legal regulation. The dissertation extensively uses the current legislation of the Republic of Kazakhstan, court practice, materials of authorized bodies, as well as scientific works of domestic and foreign scholars.

The structure of the dissertation is logically organized and fully corresponds to the goals and objectives of the study. The introduction justifies the relevance of the topic and defines the research objectives, tasks, scientific novelty, and practical significance. The main chapters systematically examine the legal nature of trademarks, national and international protection mechanisms, and topical issues arising in law enforcement practice. Furthermore, the research results are summarized, and concrete recommendations and conclusions are provided.

The scientific novelty of the dissertation lies in the comprehensive analysis of problems in the field of legal protection of trademarks, with the development of theoretical conclusions and practical recommendations aimed at their resolution. The author's conclusions proposed for defense are sufficiently substantiated and have both scientific and practical significance.

The research findings can be applied in legislative work, law enforcement practice, and teaching intellectual property law in higher education institutions.

Additionally, the dissertation conducts a comparative legal analysis of trademark protection mechanisms in European countries, the People's Republic of China, and the United States of America. The author systematically examines the legislative models, registration, protection, and enforcement mechanisms in these

countries and international associations, identifying the advantages and shortcomings of the legal regulation in Kazakhstan. The conducted comparative analysis allows for specifying directions for improving national legislation and for substantiating scientific conclusions and practical recommendations on adapting foreign best practices into the domestic legal system.

Overall, the dissertation titled "Topical Issues of Legal Protection of Trademarks in the Republic of Kazakhstan" fully meets all the requirements for such scholarly work, deserves a high evaluation, and is recommended for defense.

Dean's Representative
for International Cooperation
Assoc. Prof. Edvardas Juchnevicius, PhD, D. Sc.

Foreign scientific consultant:
Doctor of law, professor _____ **E. Juchnevicius**

University of Gdansk
prof. Marii Janion 7
80-309 Gdańsk
NIP 5840203239
REGON 000001330

Гданьск университеті

«8D04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Қалмырза Ғазиза Махкәмқызының «Қазақстан Республикасындағы тауар таңбаларын құқықтық қорғаудың өзекті мәселелері» тақырыбында ұсынған диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесші (Польша Республикасы) заң ғылымдарының докторы, профессор Эдвард Юхневичтің

ПІКІРІ

Қалмырза Ғазиза Махкәмқызының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасындағы тауар таңбаларын құқықтық қорғаудың өзекті мәселелеріне арналған. Аталған тақырыптағы диссертациялық зерттеу өте өзекті және күрделі болып табылады. Кез келген мемлекетте интеллектуалдық меншік құқығының объектілерін құқықтық қорғау алғашқы кезекте тұратын мәселелердің бірі саналады. Соның ішінде дараландыру құралдары азаматтық айналымға қатысушы кәсіпкерлерді басқалардан ерекшелендіруге мүмкіндік беретін әдістер жиынтығы. Бүгінгі таңда дараландыру құралдарының құқықтық тұрғыдан қатаң қорғауы мен олардың инновациялық және технологиялық өзгерістерге бейімделуі — кәсіпорынның тұрақты дамуы мен нарықтағы бәсекеге қабілеттілігінің кепілі ретінде қарастыруға болады.Таңдалған тақырыптың өзектілігі зияткерлік меншік объектілерінің экономикалық айналымдағы рөлінің артуымен, нарықтық қатынастардың дамуымен, сондай-ақ тауар таңбаларын заңсыз пайдалану, құқық бұзушылықтар мен даулар санының көбеюімен айқындалады.

Диссертант зерттеу барысында тауар таңбаларын құқықтық қорғаудың теориялық негіздерін, ұлттық заңнаманың даму эволюциясын, құқық қолдану практикасының ерекшеліктерін және халықаралық-құқықтық реттеудің ықпалын жан-жақты талдаған. Жұмыста Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, сот практикасы, уәкілетті органдардың материалдары, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері кеңінен пайдаланылған.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы логикалық тұрғыдан дұрыс құрылған, зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі негізделіп, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы айқындалған. Негізгі бөлімдерде тауар таңбаларының құқықтық табиғаты, оларды қорғаудың ұлттық және халықаралық тетіктері, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесінде туындайтын өзекті мәселелер жүйелі түрде қарастырылған. Сонымен бірге зерттеу нәтижелері жинақталып, нақты ұсыныстар мен тұжырымдар берілген.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы тауар таңбаларын құқықтық қорғау саласындағы проблемаларды кешенді түрде талдап, оларды шешуге бағытталған теориялық қорытындылар мен практикалық ұсынымдардың әзірленуімен айқындалады. Автордың қорғауға ұсынылған тұжырымдары жеткілікті дәрежеде негізделген, ғылыми және практикалық маңызға ие.

Зерттеу нәтижелері заң шығару қызметінде, құқық қолдану практикасында, сондай-ақ жоғары оқу орындарында зияткерлік меншік құқығы пәндерін оқыту барысында пайдалануға жарамды.

Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста Еуропа елдерімен, Қытай Халық Республикасы және Америка Құрама Штаттарындағы тауар таңбаларын құқықтық қорғау тетіктеріне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізілген. Автор аталған мемлекеттер мен

Гданск Университетінің
Құқық және басқару факультеті

Конт. тел. +48 58 523 29 90
электрондық пошта:
edvardas.juchnevicius@ug.edu.pl

Профессор Мари Джанион 7.
80-309 Гданьск
www.prawo.ug.edu.pl

интеграциялық бірлестіктердің заңнамалық модельдерін, тауар таңбаларын тіркеу, қорғау және құқықтарды қорғау механизмдерінің ерекшеліктерін жүйелі түрде зерделей отырып, Қазақстан Республикасының құқықтық реттеуіндегі артықшылықтар мен кемшіліктерді айқындаған. Жүргізілген салыстырмалы талдау ұлттық заңнаманы жетілдіру бағыттарын нақтылауға, сондай-ақ шетелдік озық тәжірибені отандық құқықтық жүйеге бейімдеп енгізу жөнінде негізделген ғылыми тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндік берген.

Жалпы алғанда, «Қазақстан Республикасындағы тауар таңбаларын құқықтық қорғаудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы осындай еңбектерге қойылатын барлық талаптарға толық сай келеді, жоғары бағалауға лайық және көпшілік алдында қорғауға ұсынылады.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
заң ғылымдарының докторы,
профессор ____қолы_____ Э. Юхневич

Гданск Университетінің профессоры
доктор хаб. __қолы_____ Эдвардас Юхнявичюс

Гданск Университеті
профессор Мария Джанион 7
80-309 Гданьск
ИНН5840203239
РЕГОН 000001330

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Жиырма төртінші сәуір екі мың жиырма алтыншы жыл.

ЖК «TROTON-MASTER» атынан Калима Балхияқызы Балтабаева, ЖСН 750513401980, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 2012 жылдың 17 қаңтарында берген, жеке куәлік № 032627925, құжаттың ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармасының дәл екенін және жалпы алғанда түпнұсқа құжаттың мазмұнына сәйкес келетінін растайды.

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Жиырма төртінші сәуір екі мың жиырма алтыншы жыл.

Мен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 2021 жылғы 19 шілдедегі мемлекеттік лицензия №21022720 негізінде әрекет етуші, Алматы қаласының нотариусы Байжанова Гүльвира Мейрамбекқызы, аудармашы Балтабаева Калимы Балхияқызымен қойылған қолтаңбасының дұрыстығын куәландырамын. Аудармашының жеке басы анықталды, оның әрекет қабілеттілігі мен өкілеттігі тексерілді.

Тізілімде №851 болып тіркелген
Тариф негізінде ақы алынды
Нотариус

ST95080402604241222218S77626E
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

Нөмірленген және бауыстаған
Пронумеровано и прошнуровано
5
парақта/страницах